

Коммерциялық емес акционерлік қоғам  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ  
Әлеуметтік пәндер кафедрасы

БЕКІТЕМІН  
Оқу-әдістемелік жұмыс  
жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_ С.В. Коньшин  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

**Қазақстан тарихы**  
**пәні бойынша мемлекеттік емтиханның**  
**жұмыс бағдарламасы**  
барлық мамандықтар студенттері үшін

КЕЛІСІЛДІ  
ОӘБ бастығы  
\_\_\_\_\_ М.А. Мұстафин  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.  
ЖУӘК төрағасы  
\_\_\_\_\_ Н.В. Башкиров  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

Кафедра мәжілісінде қаралды  
және құпталды  
19. 03. 2014ж. № 8 хаттама  
Кафедра меңгерушісі  
\_\_\_\_\_ Джагфаров Н.Р.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

Редакторы  
\_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014ж.

Құрастырушылар:  
\_\_\_\_\_ Джагфаров Н.Р.  
\_\_\_\_\_ Кабдушев Б.Ж.  
\_\_\_\_\_ Байдильдина С.Х.

Алматы 2014

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**  
**ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАННЫҢ**  
**ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**  
барлық мамандықтар студенттері үшін

Алматы 2014

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Н.Р. Жағыпаров, Б.Ж. Кابدөшев, С.Х. Байдильдина. Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханның жұмыс бағдарламасы барлық мамандықтар студенттері үшін.– Алматы: АЭЖБУ, 2014. - 27 б.

Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханның жұмыс бағдарламасы барлық мамандықтар студенттері үшін.

Пікір берушілер:

Сайфульмаликова С.С. – тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Берлібаев Б.Т. – тарих ғылымдарының докторы, АЭЖБУ профессоры

Алматы энергетика және байланыс университетінің Ғылыми кеңесі басуға ұсынды. (20.05.14 ж. №8 хаттама).

© «Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2014 ж.

*Тарих – пайдалы ғылым, тарих – бұл  
сенің Отаныңның жүріп өткен жолы, ол  
сенің ата-бабаңның ғасырлар бойғы арманы,  
ұлт болып қалыптасуға деген ұмтылысы...  
Тарих – қасиетті ғылым»*

Академик М. Қозыбаев

### **АЛҒЫ СӨЗ**

Тарих - үздіксіз дамып отыратын ғылым. Тарихи тәжірибеден оқып-үйрену тарихи сананы, мәдениетті, дәстүрлерді, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, болашақты болжап, өткенді саралауға, бүгінгі оқиғалардың шешімін табуға, ертеңгі күннің бағыт-бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол адамның өркениет дамуын ой-талғамынан өткізіп, қазіргі жаһандық мәселелерді шешудің негізі.

Қазақстан тарихы адамзат қоғамының пайда болу үрдісі, дамуы, әлеуметтік қатынасы, мемлекеттердің шығуы мен дамуы, экономикалық қатынастардың қалыптасуы, көрші халықтар және мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуы, ұлт-азаттық күресі, қазақ даласын мекендеген тайпалар мен халықтардың дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін қарастырады.

Қазақстан тарихының қазақ елінде оның халқының, ата-бабасының, барлық этностар мен халықтардың өткені мен бүгінгі өмірі, оны оқып-үйренудің жастар тарихи санасын қалыптастырудағы, Қазақстан патриотизміне тәрбиелеудегі орны ерекше. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» халыққа жолдауындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

## **1-тақырып. Кіріспе**

Қазақстан тарихы пәні, мақсаты мен міндеттері. Қазақстан тарихы пәнінің жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы мен орны. Қазақстан патриотизмін қалыптастыру – Қазақстан тарихының басты міндеттерінің бірі. Тарихты объективті оқып-үйрену және оны түсіндіру – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттері.

Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлудің негіздері. Қазақстан тарихын оқып-үйренудегі формациялық және өркениеттік ұстанымдар.

Қазақстан тарихы бойынша деректер, олардың түрлері мен ерекшеліктері. Заттай, этнографиялық, лингвистикалық, ауызша, жазбаша деректер. Электронды ресурстар қазіргі заманның дерек көзі ретінде және оның ерекшеліктері. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының отан тарихын оқып-үйренуде дерек көздерін жетілдірудегі рөлі.

Қазақстан тарихының тарихнамасы. Қысқаша шолу: революцияға дейінгі тарихнама, кеңестік кезең тарихнамасы және Егемен Қазақстан Республикасы кезеңдерінің тарихнамасы.

## **2-тақырып. Қазақстан аумағындағы тас дәуірі**

Қазақстан аумағы – ежелгі адамның пайда болу және қалыптасу аймағы. Ежелгі адамның өмір сүруі үшін қажетті қолайлы жағдайлар. Тас дәуірінің археологиялық кезеңдері және хронологиясы.

*Палеолит.* Палеолит кезеңінің табиғаты және адам. Оңтүстік (Шабакты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл, т.б.), Орталық (Обалысай, Мұзбел I, Қосмола және Қызылжар, Батпақ 7, Қарабас 3, т.б.) және Солтүстік-Шығыс (Қанай, Нарым, Бұқтарма, т.б.) Қазақстанның палеолит ескерткіштері.

*Мезолит.* Мұздықтардың еруі. Табиғи-климат жағдайлары және еңбек құралдарының ықпалымен болған шаруашылықтағы өзгерістер.

Қазақстан аумағындағы *неолит.* «Неолиттік революция». Тас индустриясының жандануы: тасты өңдеу тәсілдерінің жаңа технологиялары. Өндіруші шаруашылық формаларының пайда болуы. Тау-кен ісі, тоқымашылық, қыш құмыра ісі. Қазақстанның неолиттік ескерткіштері. *Энеолит.* Кетпенді егіншілік және бақташылық. Ботай мәдениеті. Маңғыстаудың энеолиттік ескерткіштері.

## **3-тақырып. Қола дәуірі**

**(Ерте көшпелі дәуір. Б.з.д. II мыңжылдық – б.з. I мыңжылдығының басы)**

*Қола дәуірінің жалпы сипаттамасы және кезеңдері.* Еуразия далаларындағы табиғи-климаттық өзгерістер (климаттың аридизациялануы). Кешенді шаруашылық - мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуы.

Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің ескерткіштері. *Андронов мәдениетінің* қазақстандық ошағы. Қазақстанның Андронов мәдениетінің даму кезеңдері. Мал шаруашылығының жаңа формасы - отарлы-бақташылық. Қазақстан – ежелгі тау-кен ісінің қуатты ошағы. Қола құю өндірісі.

Орталық Қазақстанның соңғы қола дәуірінің мәдениеті (*Безазы-Дәндібай*). Отарлы-бақташылықтан көшпелі мал шаруашылығына өту. Екіншілік ошақтары және олардың сипаттамасы. Патриархалды жанұя қауымы. Өндіруші күштердің өсуі, қоғамдық еңбектің мамандануының күшеюі, патриархалды қатынастардың дамуы. Жеке жан-ұялардың окшаулануы, жан-ұялық меншіктің кеңеюі, рулық қауым ішіндегі мүліктік теңсіздіктің өсуі.

Қола дәуірінің материалдық мәдениеті және оның қазақстан аумағындағы ерекшеліктері. Өнер және наным-сенім. Жерлеу рәсімдері. Қоныстар мен тұрғын үй. Арқайым қонысы.

#### **4 – тақырып. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттік бірлестіктер**

*Скиф-сақ қауымдастығы (б.з.д.VIII-III ғғ)*. Қазақстан тұрғындары туралы жазбаша деректер (анитикалық авторлардың жазбалары, қытай әулеттерінің хроникалары, парсы тілді деректер, т.б.). Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Скиф-сақ дәуірінің археологиялық ескерткіштері. Сақ мәдениетінің көрнекті ескерткіштері: Есік қорғаны, Шілікті, Тегіскен және Ұйғарақ кесенелері және Шырық-Рабат пен Баланды қалалары.

Сақтардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы. Сақтардың I Дарий, Кирмен соғыстары. Александр Македонскийдің жаулаушылық соғыстары.

Сақ тайпаларының мәдениеті мен өнері. «Аң стилі». Мифология және дін. Материалдық мәдениеттің дамуы. Көшпелілердің тасымалды тұрғын үйлерінің пайда болуы. Тасмола мәдениеті.

Сақ қоғамының әлеуметтік құрылымы: мүліктік жіктеліс, әлеуметтік стратификацияның күшеюі. Патша билігі. Халық жиналысының рөлі.

*Хуннулар*. Хуннулардың этникалық тегі туралы мәселенің тарихнамасы. Аумағы. Хуннулардың қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Әскери ұйым жүйесі. Шаруашылығы мен тұрмысы. Хуннулардың солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінуі. Хуннулардың батысқа көші-қоны. Хуннулар Қазақстан аумағында. Хуннулардың қазақ халқының этногенезіндегі рөлі.

*Үйсіндер мен қаңлылардың мемлекеті*. Ежелгі қытай деректері Үйсіндер мен Қаңлылар туралы. Жетісу аумағында жартылай көшпелі мал шаруашылығының және Оңтүстік Қазақстан аумағында отырықшы мал шаруашылықтарының үстемдік етуі. Ұлы Жібек жолының пайда болуы.

Қытаймен қарым-қатынас. Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті, наным-сенімі, бейнелеу өнері.

## **5-тақырып. VI - IXғғ. Қазақстан аумағындағы түрік қағанаттары**

*III-Vғғ. Орталық Азиядағы саяси жағдай.* Батыс Вэй мемлекеті мен Жужан хандығы. Түріктердің Алтайды мекендеуі. «Түрік» этнонимі туралы. Түрік этно және глоттогенезінің ежелгі ошақтары. Ежелгі түрік тайпалары одағының қалыптасуы. Ежелгі түріктердің саяси күшеюі және Түрік қағанатының құрылуы. Бумын қаған. Истемидің Батысқа жорығы. Ұлы Түрік қағанаты – тұңғыш Еуразиялық көшпелі империя. Орталық Азия халықтарының тарихындағы Ежелгі Түрік қағанатының маңызы. Мұқан және Таспар қағандар билігі тұсындағы қағанат. Ежелгі Түрік қағанатының халықаралық байланыстары. Византиямен, Иранмен және Қытаймен қарым-қатынасы. Қағанаттың дағдарысы және құлауы (603).

*Батыс Түрік қағанаты.* («Он оқ будун»). Аумағы. Этникалық-тайпалық құрамы. Дулу және Нушиби. Басқару жүйесі. Жегуй қаған мен Тон жабғу билігі. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда ежелгі ортағасырлық қалалардың дамуы. Тайпааралық қақтығыстардың өршуі. Қытай әскерінің экспансиясы (659) және саяси дербестіктен айырылу.

*Түркештер.* Түркештердің Батыс Түрік мемлекеттігін қалпына келтіруі (Үшелік). Қағанаттың аумағы және этникалық-тайпалық құрамы. Шығыс Түрік қағанатының күшеюі. Шығыс түріктердің Сақал әскерін талқандауы (711). Сұлықтың Түркеш мемлекетін қалпына келтіруі. Сұлықтың қос майдандағы күресі. «Сары» және «қара» түркештер арасындағы жиырма жылға созылған соғыс. Қағанаттың саяси дағдарысы және құлауы. Орта Азиядағы арабтардың жаулаушылық соғыстары. Талас шайқасы (751), оның тарихи маңызы.

*Қарлұқ мемлекеті.* Қарлұқтардың орналасуы және тайпалық құрамы. Қарлұқтар Жетісуда. Қарлұқтардың Талас шайқасына (751) қатысуы. Қарлұқ мемлекетінің құрылуы. Қарлұқ мемлекетінің саяси басқару жүйесі. Қарлұқ жабғуы Білге Күл Қадырдың қаған лауазымын қабылдауы (840). Қарлұқ әскери элитасының исламға бет бұруы. Қала мәдениетінің гүлденуі. Саманидтер мемлекетінің мәдени ықпалы. Қарлұқтардың шаруашылығы.

*Оғыздар мемлекеті.* Оғыздар Жетісуда. Сырдария аңғары және Арал маңының кангар-печенег тайпаларымен күрес. Оғыздар мемлекетінің құрылуы. «Мафазат-әл-ғұзз». Мұсылман авторлары (М.Қашғари, әл-Марвази, Рашид ад-дин) оғыз конфедерациясының құрамы туралы. Оғыз мемлекетінің қоғамдық құрылымы, шаруашылығы. Қалалар. Сауда мен қолөнердің дамуы.

Оғыздардың қимақ-қарлұқ, қыпшақтармен, Хорезммен қарым-қатынасы. Оғыздар Еуразияның саяси тарихында.

*Кимек мемлекетінің құрылуы және оның сыртқы байланыстары.* Ертіс өңірінде кимек тайпалық одағының қалыптасуы. Имакия.

Қыпшақтардың кимектерден саяси тәуелділігі. Қоғамдық құрылымы, шаруашылығы, қалалар және сауда.

## **6-тақырып. Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті**

*Отырықшы және көшпелі мәдениет, олардың өзара ықпалы.* Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қала мәдениетінің дамуы. Ұлы Жібек жолының қазақстандық тармағы. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Ұлы Жібек жолы – өркениеттер диалогы. Қолөнер, сауда және ақша айналымы. Сәулет өнері. Айша – бибі, Қарахан, Бабаджа-хатун кесенелері.

*Түріктердің рухани мәдениеті.* Ежелгі түрік жазуы: пайда болуы, зерттелуі және оқылуы (В.Томсен, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, т.б.). Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк құрметіне қойылған түрік жазуының құнды ескерткіштері.

*Түріктердің наным-сенімі мен діні.* Түрік құдайларының үштігі – Тәңір, Умай және Йер-Суб. Қасиетті таулар – Ыдұқ Баштарға табыну. Түріктердің Будда, Христиан (несториандық бағыт), Манихей діндеріне тартылуы. Қазақстан аумағына исламның енуі және таралуы.

*Мәдениет пен ғылымның дамуы.* Әл-Фараби және оның әлемдік ғылымға қосқан үлесі. Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашғари және Ахмет Йасауидың әдеби шығармашылығы.

## **7-тақырып. Ортағасырлық дамыған мемлекеттер (X-XIIIғғ. басы)**

*Қарахан мемлекеті.* Қараханидтердің шығу тегі туралы шетелдік және отандық тарихнама. Шігіл және яғма тайпалары. Сатұқ Боғра хан – Қарахан мемлекетінің негізін салушы. Аумағы және этно-тайпалық құрамы. Қараханидтердің Мауереннахр аумағына саяси ықпалының орнығуы. Шығыс және Батыс қағанаттар. Исламның Қарахан мемлекетінің мемлекеттік діні ретінде жариялануы.

Феодалдық жер иелену формалары (иқта және коммендация институттары, вакф). Қарахан мемлекетінің мәдени мұрасы.

Қидандардың (қарақытайлар) шабуылы және Қарахан мемлекетінің құлауы.

*Наймандар мен кереиттер ұлысы.* Тайпалардың шығу тегі туралы мәселе. «Найман» этнонимі туралы. Мемлекеттік құрылымы. Шаруашылығы. Христиан дінін (несториандық) қабылдау. Шыңғыс ханның кереиттер мен наймандарды талқандауы. Наймандар, кереиттер және жалайырлар Қазақстан аумағында.

*Қыпшақ хандығы.* Қыпшақтар туралы араб-парсы мәліметтері. «Дешті Қыпшақ». Қыпшақ этникалық қауымдастығының қалыптасу кезеңдері. Қыпшақтардың этникалық құрамы және орналасуы. Шаруашылығы және қоғамдық құрылымы. Жазу.



Қыпшақтардың Хорезм және Киев Русімен қарым-қатынасы. Еуразия мен Таяу Шығыстың саяси тарихындағы қыпшақтардың рөлі.

Қыпшақтардың қазақтар мен басқа түркі тілдес этникалық қауымдастықтардың этногенезіндегі рөлі.

## **8-тақырып. Қазақстан тарихындағы монғол кезеңі**

Монғолдар тарихы бойынша жазбаша деректер. «Монғолдың құпия шежіресі», Рашид-ад диннің «Жылнамалар жинағы», Ата-Мелик Жувейнидің «Шыңғыс хан. Әлемді бағындырушының тарихы», т.б. Монғол және түркі тайпалары, олардың орналасуы және XII - XIII ғғ. басындағы қоғамдық-саяси құрылысы.

*Темуджин (Шыңғыс хан) бастаған Монғол мемлекетінің құрылуы.* Шыңғыс ханның Шығысқа жорығы. «Отырар қасіреті». Монғолдардың Қазақстан мен Орталық Азияға басып кіруі. Отырар, Сығанақ, Ашынас қалаларының қорғануы. Қазақстан монғолдар билігінде. Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының құрылуы. Ұлыстардың аумағы мен халқы.

Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихи және жасампаздық рөлі. Экономика мен сауданың тұрақтануы және қалыпқа келе бастауы. Орталықтанған билік идеясының жандануы. Ұлттық мемлекеттер негіздерінің қалыптасуы.

Батудың Батысқа жорығы. Алтын Орда мемлекетінің - көп ұлтты, көп конфессиялы Еуразия империясының құрылуы. Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясаты. Қазақстан Еуропа саяхатшыларының көзімен. Плато Карпини (1245-1247), Гильом Рубрук (1253-1255), Марко Поло (1271-1295). Алтын Орданың этно-саяси құрылысы және мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Алтын Орданың билеушілері. Батый (1242 - 1257). Өзбек (1312 - 1342), Жәнібек (1342 - 1357), т.б. Исламның мемлекеттік дін ретінде қабылдануы. Сауданың дамуы. Алтын Орданың халықаралық байланыстары. Алтын Орданың Еуразия тарихындағы саяси оқиғаларға ықпалы.

Шағатай мемлекетінің ыдырауы және Мауереннахрда Әмір Темірдің күшеюі. Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары. Билік үшін талас-тартыстың өршуі. Алтын Ордадағы «Ұлы дағдарыс». Алтын Орданың құлауының эндогенді және экзогенді факторлары.

## **9-тақырып. XIV – XVғғ. ортағасырлық мемлекеттер**

*Ақ Орда* (XIII соңы- XVғғ. басы.) – жергілікті этникалық негіздегі тұңғыш мемлекеттік бірлестік. Аумағы және этникалық-тайпалық құрамы. Шығыс Дешті Қыпшақ. Орыс хан тұсындағы Ақ Орда. Алтын Орда тағы үшін күрес. Әмір Темірдің жорықтары. Тоқтамыс хан тұсындағы Ақ Орда. Барақ хан және Сыр өңірі қалалары. Биліктің Шайбан ұрпақтары қолына өтуі. Әбілқайыр хан.

*Моғолстан. «Тарих-и Рашиди»* - Моғолстан тарихы бойынша құнды дерек. Шағатай мемлекетінің аумағы. Шағатай мемлекетінің ыдырауы және Моғолстанның құрылуы. Тоғылық Темірдің билікке келуі ((1348-1362/63). «Моғол» термині. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Моғолстан құрамында. Жетісу мен Қашғардың жергілікті түрік және түріктенген тайпаларының шоғырлануы. Мемлекеттің аумағы және этникалық құрамы. Есен-Бұға хан (1433 34-1462), Жүніс хан (1462-1486). Әмір Темірдің басқыншылық соғыстары. Моғолстан мемлекетінің әлсіреуі және құлауы.

*Әбілқайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті)*. Аумағы және этникалық құрамы. «Өзбек» термині. Әбілқайырдың Орта Азияға әскери жорықтары. Ойраттармен соғыс және Әбілқайырдың Үз-Тайшыдан жеңілуі (1456/1457). Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Мемлекеттің әкімшілік орталықтары: Тура, Орда-Базар, Сығанақ. Хандықтың әлсіреуі және құлауы.

*Ноғай Ордасы*. Мемлекеттің аумағы және этникалық құрамы. Едіге – мемлекеттің негізін салушы. «Ноғай» термині және «Маңғыт жұрты». Қоғамдық-саяси құрылымы. Сот, әкімшілік және әскери билік. Шаруашылық. Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен және Қазақ хандығымен қарым-қатынасы. Ноғай Ордасының ыдырауы.

## **10-тақырып. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы. «Қазақ» этнонимі**

Қауымдастықтың этнос құраушы белгілері: сана-сезім, өзара ұқсастық, атауы (этноним), тіл, мәдениет пен шаруашылық өмірдің ортақтығы, аумағы. Қазақ халқының қалыптасуының алғышарттары, басты кезеңдері және ерекшеліктері. Мәселенің тарихнамасы. Қазақ халқының құрамына енген этникалық компоненттер. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы.

Жүздер – тайпалардың ірі этноаумақтық бірлестіктері (одақтары). Жүздердің пайда болуы, аумағы және этникалық құрамы. «Қазақ» этнонимі тарихи әдебиеттерде.

## **11-тақырып. XV-XVIғғ. Қазақ хандығының құрылуы және дамуы**

Қазақ хандығының құрылуының заңдылықтары мен тарихи алғышарттары. Мемлекеттің құрылу мерзімі туралы пікір-таластар. Керей мен Жәнібек бастаған халықтың бір бөлігінің қоныс аударуы – бетбұрыс кезең және жаңа дербес мемлекеттің құрылуының бастауы. Қазақ хандығының негізін салушылар Керей мен Жәнібек. 1468 ж. кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін күрес.

Мырза (Мұхаммед) Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасы Қазақ хандығының ерте тарихы туралы.

Бұрындық пен Қасым хандар билігі тұсындағы Қазақ хандығы. Қасым ханның қазақ жерлерін біріктіру жолындағы күресі. Қазақ хандығының аумағының кеңеюі. Сыр өңірі қалалары үшін шайбанидтермен күрес және

Сырдария қалаларының Қазақ хандығының құрамына енуі. Қасым хан тұсындағы Москва мемлекетімен дипломатиялық байланыстар. «Қасым ханның қасқа жолы». Тахир мен Бұйдаш хандар тұсында Қазақ хандығының әлсіреуі.

Хақназар хан билігі (1538-1580 жж.) – «Қазақ хандығының қайта өрлеу» кезеңі. Қазақ-орыс сауда-экономикалық қатынастары. Бұхара билеушісі Абдаллах ханмен әскери одақ.

Тәуекел хан (1582-1598 жж.). Орта Азияға жорық (1586 ж., 1598 ж.). Сібір ханы Көшіммен күрес. Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық және саяси байланыстар. Москваға тұңғыш қазақ елшілігі (1594 ж.).

Қазақстанның шығыс шекараларындағы ойрат тайпалары (монғолдардың батыс тармақтары). XVI ғ. ойраттардың қазақ көштеріне шабуылдары.

## **12-тақырып. XVII- XVIII ғғ. басындағы Қазақ хандықтары**

Орталық Азиядағы геосаяси жағдай: Жоңғар хандығының құрылуы (1635 ж.) және оның агрессиялық саясатының басталуы. Орта Азияда Аштарханидтер әулетінің билік басына келуі. Цин империясының шабуылдары. Жәңгір хан билігі (1628-1652 жж.) тұсындағы жоңғар билеушілерінің агрессивті басқыншылық саясаты. Орбұлақ шайқасы. XVII соңы – XVIIIғғ. басындағы жоңғарлардың Қазақстан аумағына басқыншылық жорықтары.

Тәуке ханың (1680-1718 жж.) ішкі және сыртқы саясаты. «Жеті Жарғы». Қазақ қоғамындағы билер рөлінің күшеюі. Қазақ даласының Ұлы даналары: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Тәуке хан дәуірінің реформаторлық және патриоттық рухы.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама». Қазақтардың егіншілік ошақтары – Оңтүстік Қазақстан қалаларынан айырылуы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттың күресі. Бүкілқазақтық жасақтың құрылуы. Бұланты өзені бойындағы жеңіс. Аңырақай шайқасы. Абылайдың дипломатиялық өнері. Абылай ханның қазақ жерлерін біріктіру және Қазақ мемлекетін күшейту жолындағы күресі.

Қазақ-башқұт, қазақ-қалмақ қатынастарының өршуі. Ш.Ш.Уәлиханов XVIIIғ. басындағы Қазақ хандығының сыртқы жағдайы туралы.

## **13-тақырып. XV- XVIII ғғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы**

Көшпелі мал шаруашылығы – қазақ шаруашылығының негізі. Маусымдық жайылымдар. Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда, Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендері аңғарларында жартылай көшпелі және отырықшы мал шаруашылығының дамуы. Оңтүстік Қазақстанда

егіншіліктің дамуы. Егіншіліктің түрлері. Бидай және техникалық дақылдар. Көшпелі өміріндегі аңшылықтың рөлі. Қалалар және сауда, қолөнер және кәсіпкерлік. Салық саясаты (зекет, ұшыр, тағар, харадж, баж).

XV- XVIIIғғ. басындағы қазақ қоғамының *әлеуметтік құрылымы*. Әлеуметтік мәртебе – дәстүрлі қазақ қоғамының айқындаушы факторы. Жоғары сословие – «Ақ сүйек» (төре және қожалар). Орта сословие – «Қара сүйек» (үш жүз халқы). Ең төменгі сословие – құлдар (күндер). Басқару жүйесі. Қазақ қоғамындағы билер мен батырлардың рөлі.

#### **14-тақырып. XV-XVIII ғғ. қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті**

*Материалдық мәдениет.* Халық кәсіпкерліктері және қолөнер. Тұрғын үй. Киіз үй – қазақтардың тасымалды тұрғын үйі. Киіз үйдің құрылысы және көлемі. Қазақтардың әскери өнері. Қару-жарағы. Тағамы. Киімі.

*Рухани мәдениет.* Халық ырым-жоралары және салт-дәстүрлері. Діни наным-сенімдері. Аруақтарға табыну. Табыну нысаналары (бұлақтар, ағаштар, шындар). Исламның таралуы. Жазу. Қазақ тілі.

*Жыраулар поэзиясы.* XVI-XVIIғғ. жыраулар поэзиясының өкілдері: Шалкиіз Тіленшіұлы, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәттіқара, Бұхар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Олардың мұраларының басты идеялары: әдеп және ғибрат, адамгершілік пен ар-намыс, өмір мен өлім туралы мәселелер.

*Жазбаша әдебиет.* Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарих-и Рашиди»), Қадырғали Қосымұлы Жалайыри («Жылнамалар жинағы») – қазақ халқы мен қазақ хандығының тарихы бойынша құнды дерек көздері.

#### **15-тақырып. Қазақстан Ресей империясының құрамында**

XVIIIғ. бірінші ширегіндегі Ресей империясының Шығыстағы сыртқы саясаты шеңберіндегі Қазақстан. Қазақстан Ресейдің «шығыстағы саясатын» жүзеге асыру құралы ретінде. *Өлкені отарлаудың басты бағыттары:* қазақ даласына әскери-барлау экспедицияларының (А.Бековича-Черкасский, И.Бухгольц, И.Лихарев экспедициялар) жіберілуі. Шептік қамалдар салудың интенсивті түрде жүргізілуі. Әскери-казактық отарлау.

Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи жағдайлары мен алғышарттары. Әбілқайыр ханның Ресей протекторатын орнату туралы Ресей империясына ұсынысы. Әбілқайыр ханның елшілігі. Орыс императрицасының 1731 жылдың 19 ақпанындағы қазақтың Кіші жүзін Ресей империясының боданы ретінде қабылдау туралы грамотасы. А.И.Тевкелев бастаған орыс елшілігі. Орта жүз ханы Семекенің бодандық туралы ұсынысы. Патша өкіметінің отарлық сипаттағы алғашқы шаралары.

Абылай хан тұсындағы Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы. Абылай хан (1771-1781 жж.) – көрнекті саяси және мемлекеттік

қайраткер. Абылайдың Ресей және Цин империяларымен қарым-қатынастары.

Бөкей Ордасының құрылуы (1801 ж.). Бөкей хан билігі. Бөкей Ордасындағы басқару жүйесі. Хандықтың аумағы. Бөкей Ордасындағы жер қатынастары. Жәңгір ханның билігі (1824-1845 жж.).

*Дәстүрлі билік формасын реформалау – өлкені отарлаудың бір құралы ретінде.* Орта және Кіші жүздерде хандық билікті жою. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» (1822 ж.) және «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» (1824 ж.). Қазақ халқының аумақтық тұтастығынан айырылуы. Шаруашылықтың дәстүрлі формасының бұзылуы (ру аралық қақтығыстардың өршуі).

## **16-тақырып. XVIII- XIXғғ. бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар**

*Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі (1783-1797 жж.).* Көтерілістің себептері. Көтерілістің басталуы, барысы, сипаты және қозғаушы күштері. Көтерілістегі сұлтандардың, билер мен батырлардың ұстанымы және рөлі. Генерал-губернатор Игельстром реформасының жобасы. Шекара соты мен расправалардың құрылуы. 90-жылдары көтерілістің жаңа қарқын алуы. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының әдіс-тәсілдерінің өзгеруі. Ералы (1792-1797 жж.), Есім (1795-1797 жж.) хандардың ішкі саясаты. Есім ханды өлтіру және старшын топтарының арасындағы жіктеліс. Хандық Кеңестің құрылуы. Кіші жүзде хандық биліктің қалпына келтірілуі. Айшуақ хан (1797-1805 жж.). Көтерілістің басылуы, оның жеңілісінің себептері және көтерілістің маңызы. Сырым Датұлының Хиуа хандығына кетуі.

Бөкей Ордасындағы *Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық көтерілісі (1836-1838 жж.).* Бөкей Ордасындағы отарлық және феодалдық езгінің күшеюі. Бөкей Ордасындағы жер мәселесінің шиеленісуі. Көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері және маңызы. Хандық биліктің жойылуы және Бөкей Ордасын басқару үшін Уақытша Кеңестің құрылуы.

*XIXғ. 50-жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресі.* Орта Азия хандарының Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы саясаты. XIXғ. басында Қоқан феодалдарының Сырдарияның орта ағысы мен Жетісудің бір бөлігін жаулап алуы. Хиуа феодалдарының Мұхаммед Рахым хан мен оның ұрпақтары тұсында Сырдарияның төменгі ағысындағы агрессиялық саясаты. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қазақтары Қоқан және Хиуа феодалдарының езгісінде. XIX ғ. 50-жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресі. Жанқожа Нұрмұхамедов пен Есет Көтібаров бастаған қазақ шаруаларының көтерілісі.

*Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс (1837-1847 жж.).* Қазақ халқының Орта Азия хандықтарының езгісі мен патша өкіметінің

отаршылдық саясатына қарсы азаттық күресі. Қаратай мен Арынғазы (1816-1821 жж.) сұлтандар және старшын Жоламан Тіленшіұлы (1822-1824 жж.) қозғалыстары. Ұлы жүз қазақтарының Қоқанға қарсы көтерілісі (1821 ж.). 1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы сұлтан бастаған қазақтар көтерілісі. Көтерілістің қозғаушы күштері, барысы, негізгі кезеңдері мен жеңілу себептері. Біртұтас мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін күрес. Кенесары хан тарихи әдебиеттерде.

## **17-тақырып. XIXғ. екінші жартысы – XXғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы**

*Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауының аяқталуы.* Іле өлкесін отарлау. Алатау округінің құрылуы. Қопал, Үржар, Верный бекіністерінің салынуы. 1853 ж. В.Перовский жорығы. 1860 ж. Жетісуға әскери жорықтар. Ұзынағаш шайқасы. Әулиеата, Мерке, Түркістан, Шымкентті алу. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Ресей құрамына енуі.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі тарихының тарихнамасы.

*XIXғ. екінші жартысындағы патша өкіметінің әкімшілдік-саяси реформалары.* Ресейде крепостнойлық правоның жойылуы. Орталық Ресейдегі жер мәселесінің шиеленісуі. 1867-1868 жж. патша өкіметінің Қазақстандағы реформалары. «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» және «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже». Әкімшілдік құрылыс және басқару жүйесін қайта құру. Жер мәселесі және салық формалары. Империялық соттың енгізілуі.

1868-1869 жж. Торғай мен Орал облыстары және 1870 ж. Маңғыстау қазақтары көтерілісінің себептері мен сипаты. «Түркістан өлкесін» басқару туралы (1886 ж.) және Далалық облыстарды басқару туралы (1891 ж.) Ережелер.

*Қоныс аудару қозғалысы.* Ресей шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару туралы «Уақытша ережелер». Қазақ өлкесіне орыс қоныс аударушыларын орналастыру, оның кезеңдері. Жетісуға ұйғырлар мен дұнғандардың қоныс аударуы. Қоныс аударушылардың кәсібі және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Қауымдық жерлерді экспроприациялау (тартып алу) және оның қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына әсері. Жерді пайдалану жүйесі және аграрлық мәселелердің шиеленісуі. Столыпіннің аграрлық реформасы және оның салдарлары. XIX- XXғғ. басындағы Қазақстанның этнодемографиялық ахуалы.

*XIXғ. екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі және дамуы.* Қазақстанның ресейлік экономикаға тартылуы, Ресеймен экономикалық байланыстардың кеңеюі. Қазақстанның Ресей өнеркәсібінің шикізат көзіне айналуы. XIXғ. екінші жартысындағы аграрлық қатынастар. Ауылдың шаруашылық өміріндегі өзгерістер. Мал

шаруашылығының тауарлығының өсуі. Екіншілік. Көшпелі қазақ ауылының отырықшылыққа көшу үрдісі. Бай шаруашылықтарының күшеюі. Сауда. Жәрменкелер. Сауда-өсімқорлық капитал. Қазақстан қалалары, олардың өлкенің шаруашылық және саяси өміріндегі рөлі.

Үй өнеркәсібі, қолөнер және кәсіпкерлік. Қазақстан өнеркәсібінің құрылымы, оның сипаты және ерекшеліктері. Кәсіпкерлердің әлеуметтік және ұлттық құрамы. Қазақстан өнеркәсібіндегі көпестер мен көпестер капиталының рөлі. Қазақстанда теміржол құрылысының басталуы. Сібір теміржолы, оның капитализмнің дамуындағы маңызы.

*Қазақстан 1905-1907 жж. Ресей революциясы жылдарында.* Қазақстан реакция және революцияның өрлеу кезеңінде. Қазақ саяси баспасөзінің пайда болуы. «Айқап», «Қазақ» және олардың қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы рөлі. Қазақтардың Мемлекеттік Дума сайлауларына қатысуы. Аграрлық мәселе және қазақ депутаттары А.Беремжанов пен Б.Қаратаевтың сөздері.

*1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс.* Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында. Халықтың жағдайының күрт нашарлауы. 1916 жылдың 25 маусымындағы патша Жарлығы. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 ж. Ұлт-азаттық көтеріліс. Себептері, басталуы, қозғаушы күштері, барысы және көтерілістің негізгі ошақтары. 1916 ж. көтеріліске қатысты қазақ интеллигенциясының ұстанымы.

*1917 ж. февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы.* Қазақстанда Кеңестер мен Уақытша үкімет органдарының құрылуы. «Алаш» партиясының құрылуы, оның бағдарламасы. «Үш жүз» партиясы, оның саяси бағыт-бағдары.

Қазақ саяси, интеллектуалдық элитасы. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х. және Ж. Досмұхамедовтер, М.Тынышбаев және т.б.

## **18-тақырып. XVIII- XX ғғ. басындағы Қазақстан мәдениеті**

*Қазақстардың халық ауыз әдебиеті және әдебиеті.* Ақын-импровизаторлар Шөже, Сара, Жаяу Мұса, Ноғайбай, Шортанбай Қанаев, Дулат баба. Жамбыл шығармашылығының басталуы.

Махамбет Өтемісов шығармашылығы. Батырлық лирикалық-тұрмыстық поэма, «Бекет-батыр», «Кенесары және Наурызбай», «Айман-Шолпан». Қазақ халқының музыкасы. «Тепен», «Қара жорға», «Аққу», т.б. Қазақстанды зерттеудегі орыс жер аударушыларының (Г.С. Карелин, М.М. Муравьев-Апостол, Ф.М. Достоевский, т.б.) рөлі. Ұлы орыс ақыны А.С.Пушкин Қазақстанда. Орыс ғалымдарының Қазақстанның өндіргіш күштерін, тұрмысы мен мәдениетін зерттеуі. А.И.Левшин, оның «Описание Киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегі. В.И.Дальдің қоғамдық қызметі, оның шығармашылық мұрасы. Жазу. Қазақстандағы орыс білімінің басталуы.

Ғалым-ағартушы Ш.Ш.Уәлиханов және оның тарих, география, экономика мен мәдениеттегі ғылыми мұрасы. Қашқарияға сапары. Қырғыздарға саяхаты. Ш.Ш.Уәлиханов және Г.Н.Потанин. Ш.Ш.Уәлихановтың қазақ халқының тарихын зерттеудегі үлесі.

Ы.Алтынсарин – педагог, ағартушы, жазушы, ғалым, этнограф, оның өмірі мен қызметі. Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің негізін салушы. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметінің маңызы.

Ұлы-ағартушы ақын Абай Құнанбаев. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай және Е.П.Михаэлис. Абайдың музыкалық мұрасы. Абай Құнанбаевтың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі тарихи рөлі.

*Халық композиторларының музыкалық шығармашылығы.* Әндер, күйлер: «Балбырауын», «Сарыарқа», «Бұлбұл», т.б. Көрнекті қазақ композиторлары Кұрманғазы Сағырбаев (1818-1889), Даулеткерей Шығайев (1829-1882), Біржан-сал Қожағұлов (1832-1895), Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913), Жаяу-Мұса Байжанов (1835-1929) шығармашылығы.

*Қазақстандағы орыс интеллигенциясы.* Ғалымдар Семенов-Тянь-Шанский, Н.А. Северцов, И.В. Мушкетов, В.В. Радлов, Л.Мейер, М.Красовский, А.И. Добромысловтың Қазақстанды зерттеудегі үлесі. Ғылыми қоғамдардың пайда болуы. Орыс географиялық қоғамы бөлімдері мен бөлімшелерінің қызметі. (Орынбор, Түркістан және Семей бөлімдері).

